

## Павлодар облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2019 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 380/34 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қазанда № 6575 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 223 бұйрығына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2019 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Е. Арынов*

*Б. Бексейітова*

Павлодар облыстық  
мәслихатының  
2019 жылғы 27 қыркүйектегі  
№ 380/34 шешімімен  
бекітілген

## Павлодар облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2019 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	2	3	4
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	128,46
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын есептегенде	1000 текше метр	738,16
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	207,99
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	207,99
5	Су көліктері	1000 тонна шақырым	28,54

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК